*«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*

**2022-2023 оқу жылындағы жыл бойы жүргізілген Бастау ауылы №2 жалпы білім беретін орта мектебінің педагог-психологтың жүргізілген жұмысының есебі.**

Мектепте қыркүйек айында мектепте өткізілетін жыл бойы жүргізілетін жұмыстарға жоспарлар жасадық және оны бекіттік.

1-11 сынып оқушылардың тізімін анықтау әлеуметтік жағдайын анықтау және жаңа келген оқушылардыың психологиялық картасын дайындау . Мектепке дейінгі кезеңнен бастауышқа, бастауыштан орта буынға, орта буыннан жоғары буынға өту кезенін бақылау. Сабақтарға ену, сынып жекетшілерімен сөйлесу

Бейімделуге байланысты 1- 5 сынып оқушыларымен оқушылармен танысып.

1-сынып оқушыларына бейімделуге бақылау

**Мақсаты:** Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын,ойлауын және зейінінің даму барысын бақылау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысы оқушылармен психологиялық, профилактикалық,диогностикалық жұмыстар жүргізіледі.Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылады. «Керн- Йирасек» әдістемесі бойынша

Берілген тапсырмалар; Ер адамның суретін салу, жазба әріптерін көшіріп жазу; берілген нүктелерді көшіріп салу. Мектепке дайындық диагностикасы 1- сынып оқушылармен Керн- Ираск әдістемесі. «Менің жаңа ортам» атты тренинг өткізілді. Ата –аналармен «Мектеп бала үшін жаңа өмір» тақырыбында ата-аналарымен жиналысында баяндама өткізілді. . 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне

байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диогностикалық жұмыстары алынады.

1сыныптардың қорытындысы бойынша жоғары деңгей1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысында оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылды:

- « Керн-Йирасек» тесті;
- Ер баланың суретін салу ;
- Жазба әріптерін көшіріп жазу;

| Деңгейлері | 1-сынып | |
| --- | --- | --- |
| Жоғары деңгей | 1 | 25% |
| Орташа деңгей | 4 | 75% |
| Төмен деңгей | - | - |

Мұғалімдерге кеңес:

- Жастайынан бастап, логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Ақыл ойды дамытатын бірнеше тапсырмалар беріңіз.
- Ешқашан балаға бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың әрқайсысымен дос ретінде қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді меңгеруде қиындық туып жүрсе көмектесіңіз. Ол сізге сенетіндей болсын.
- Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата-анасына түсіндіріңіз. Үй тапсырмасын орындап, демалып, компьютерге отыру уақыттарын белгілесін, үйдегі уақытын тиімді пайдалансын.

Ата-аналрға кеңес:

- Балаңыздың уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.
- Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға,мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып,қадағалайтыныңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыңыз ,бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін,көрсін.
- Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз:онымен хат жазып алмасыңыз,бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе-сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтініңіз,ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын, пәнге көзқарасын, мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау.

5-сынып оқушыларына бейімделуге байланысты жүргізілген жұмыстар;
5-сынып оқушыларының ата-аналарга «Баланың оқу-іс-әрекетіне көмек» жадынама таратылды . Н. Г. Лусканованың «Мектеп мотивациясының скринингі» сауалнамасы алынып сараптама жүргізілді. «Қобалжуды қалыпқа келтіру» тақырыбында бейне баян көрсетілді.

Педагогтармен «Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда сынып жетекшінің ролі» «Зорлық –зомбылықтың алдын алу» тақырыбында презентация дәріс жүргізілді. Жаңадан келген жас мамандармен қолдаулар корсетілді . Пед кеңесте «Бейімделу жағдайына сараптама жасалды. Ата-аналар оқытушылар және ұстаздарға сұраныс бойынша кеңестер өткізіліп отырамын.

9-11 сынып оқушыларымен Оқушылардың бойындағы кобалжу деңгейін анықтау мақсатында «Айзенк бойынша Қобалжу» 8-11 сынып оқушыларынан «ИСН сауалнамасы» диагностикалау жүргізілді.Жыныстық қол сұғушылықты алдын алу мақсатында ата-аналарға жадынамалар таратылды.11 сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай дайындалу керек» «Сабакка әзірлеу орыны қалай» «Тамақтанудың тиімді жолдары» оқушылармен дәрістер жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларына «Кибербуллинг» тақырыбында дәріс жүргізілді. 10-11 сынып оқушыларынан Е.А Климовтың «Менің қалауым» саралаушы диогностикалық сауалнаманың қортындысы туралы

| I | Оқушының аты жөні | Адам табиғат | Адам техника | Адам адам | Адам белгілеу жүйесі | Адам көркем бейне | Адамның өзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 11- сынып | 1 | 1 | 2 | | | |
| | | 25% | 25% | 50% | | | |
| 2 | 10 сынып | 1 | 1 | 5 | 1 | 3 | 1 |
| | | 8% | 8% | 40% | 8% | 24% | 8% |

**Е.А Климовтың «Менің қалауым»**



8-9 сынып оқушыларынан мамандық таңдау бағыттарын анықтау оқушылардың қызығушылығы бойынша Кәсіби тандау туралы Дж. Холланд сауалнамасы жүргізілді.

**Кәсіби тандау туралы Дж. Холланд**

| | Бағыты | реалистік тип | интеллекту алдық тип. | әлеуметтік тип | конвенциял ық тип. | тапқыр тип. | әртістік тип. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 сынып | 50% | 12% | 12% | 0% | **24%** | **0%** |
| | 8-сынып | 12,5% | 0% | 16,5% | 16,5% | 50% | 0% |




0-4 сынып оқушыларынан ,оқушылардың өзін- өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Баспалдақ» Т.Б Марцинковская диагностикасы анықталды.

1 –сынып оқушыларымен «Кішкентай көңілді балалар» атты ренинг өткізілді.7-8 сынып оқушыларымен «Кибербуллинг» тақырыбында дәріс жүргізілді.

9-11 сыныптарда «Жетістікке жету оз қолында» оқушылардың сенімділігін арттыру, 8 сынып оқушыларымен «Өмір қымбатсың маған» 9,10,11 сынып оқушылармен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тренинглер 10- сынып оқушылармен «Жасөспірім және жыныстық қолсұғушылықтың алдн алу дөңгелек

стол откіздім.Ата-аналармен балалардың әлуметтік желідегі қауіпсіздігін калай қамтамасыз етеміз «Кибербуллинг» туралы жиналыста баяндама оқылды.

Кәсіби таңдау туралы Е.А.Климов «ЖТБ» әдістемесі.10-11 сынып оқушылардың мамандық таңдау бағыттарын анықталды. 11- сынып оқушыларына «Эмоция және мінез-құлық» мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңдерін ұйымдастырылды .9 сыны оқушыларымен «Сенімділік күш береді» қобалжу деңгейін анықтау қортындысы бойынша жеке, топтық жұмыстар. 5-сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық, педагогикалық колдау көрсету «Алақай мен 5 -сыныпта оқимын» тренинг . 8-сынып оқушыларына суицидтік алдын алу мақсатында «Өмір қымбатсың маған» тақырыбында тренинг жүргізіледі.

«Мектепке даярланудың психологиялық бағыттары» атты ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, психологиялық білімдерін кеңейту мақсатында дәріс оқылды. 3-4 сынып «Антибуллинг» Отбасындағы зорлық -зомбылық түрлері дәріс жүргізілді. Ғаламтордың пайдасы мен зияны тәрбие сағаты. Эмоционалды жеке саласы «Кактус» М.А. Панфилов 5-6 жас оқушыларымен,«Әлемде жоқ жануар».А.Л.Венгер оқушылардың сұранысы бойынша Оқушылардын бойындағы агрессияны анықтау әдістемелері жүргізілді.

9-11 сынып оқушыларымен «Мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жоюда психологиялық колдау.»тренинг 5-6 сынып оқушыларымен «Дос болайық бәріміз»

«Мен ерекше қайталанбайтын тұлға» тренинглері жүргізілді.

9-11 сынып ата-аналары Бейіндік бағдар бойынша ата – аналар жадынамалар таратылды «Мамандық таңдаудағы ата – ананың ролі» . 7-10 ата-аналарына

« Дін туралы не білесіз?» (экстремизм және тероризм) бейнеролик, презентация көрсетілді.

6-11сынып «Зиянды заттар (темекі, ішімдік,есірткі)» 4-сынып оқушылармен јрта буындарда кездесетін қиындықты анықтау сауалнамасы «Мен 5-сыныпта не күтемін» жүргізілді.

7- Сыныпта оқушылар арасында жағымды көңіл күй орнату мақсатында «Менің көңіл күйім»

9-11 сынып оқушыларымен бойында сенімділік қалыптастыру мақсатында «Менің өмірлік жолым» «Эмоцияны қалай басқаруға болады?» топтық тренинг жұыстар жүргізілді.

Педагогтармен яғни сынып жетекшілермен «Алаңсыз балалық шақ» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

9-11 сынып оқушылармен «Менің көңіл -күйім» көңіл күйінің деңгейін анықтау сауалнамасы,7-сынып оқушылармен «Мен өмірді таңдаймын» Өмір туралы дұрыс шынайы көзқарас қарым-қатынас орнатуға арналған тенинг жүргізілді.

Жыныстық тәрбие бойынша шынайы достық пен махаббаты ажырата білу 8-сынып «Достық және махаббат» тренинг 11 сынып «Сәттілік серік болсын»тренинг сабақ , емтиханға барар алдында оқушылар және ата –анаға «Менің сенімім мол» тренинг жүргізілді.

Мектеп директорының м.а Харахыз .Б

Мектеп педагог –психологы: Мусайф Жанар